Бекітемін:
Меңгеруші: Шадабаева Ж.С.
Білім беру ұйымы: Милы бастауыш білім беретін мектебі

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Жоспардың құрылу кезеңі3-апта 23-27 қаңтар 2022-2023 оқу жылы

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 23.01 | Сейсенбі 24.01 | Сәрсенбі 25.01 | Бейсенбі 26.01 | Жұма 27.01 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды қабылдау: таңертеңгі фильтр, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу (**сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет**). | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімесесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме**:Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындар,бейнелеу әрекеті ,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Д/О: «Көршісін тап»**<br>Мақсаты: суреттер екі бөлікке бөлініп беріледі, ұқсайтын суреттерді бір-бірімен сәйкестендіру, логикалық қабілетін дамыту (коммуникативтік, танымдық қызмет) | **Тақырыпқа әңгіме:**<br>Менің сүйікті ойыншықтарым әңгіме құру | **Д/О:«Жел соғып тұр»**<br>Мақсаты: Кез – келген жағдайларда қатты немесе ақырын дауысты қолдана білуді дамыту | **«Кел, ойнайық!»**<br>Мақсаты: Қатты дауысты пайдалана білуді шыңықтыру | **Тақырыпқа әңгіме:**<br>Бізге жиһаз не үшін керек? |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Аяқты алшақ ұстау, доп қолда, артта, 1-2 сол қолды жан- жаққа жіберу, доп оң қолда 3-4 н. қ 4-5 рет қайталау.<br>2. Н. қ- доп оң қолда, 1-2 оң аяқты жоғары көтеру, допты сол қолға салу, 3-4 н. қ 4-5 рет қайталау.<br>3. Аяқты алшақ ұстау, доп сол қолда, 1-2 төмен қарай еңкею, допты оң қолға ауыстыру сол қолды аяқтың өкшесіне тигізу, 4-5 рет қайталау.<br>4. Допты жоғары лақтыру, екі қолмен арттан шапалақтау, допты қағып алу, екі рет қайталау.<br>5. Отырып допты лақтыру, тұрып қағып алу 4-5 рет қайталау.<br>6. Оңға қарай бұрылып, допты жерге лақтыру, ұстап алу. Н. қ-солға қарай бұрылып допты жерге лақтырып, қағып алу. 5-6 рет қайталау.<br>7. Доп еденде, оң жақта. Доптың үстінен екі аяқпен секіру. 7-8 рет қайталау. | | | | |
| **Ұйымдастырылған қызметке дайындық (ҰҚ)** | Балалар әсер алу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, проблемаларды талқылау, қызығушылық бойынша қызмет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т.б. үшін жиналады. Балалар тәрбиешіге қоршаған ортаны ұйымдастыруға көмектеседі (бірлескен қызмет, кезекшілік) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Кім тез жинайды.**<br><br>**Ойын мақсаты:** Көкөністер мен жемістерді ажырата білуге үйрету. Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. | **«Дыбыстар қайда орналасқан».**<br>**Ойын мақсаты:** Дауысты дыбыстарды ажырата білуге үйрету. | **«Нені қайдан алуға болады?»**<br><br>**Мақсаты:** Адамға қажетті заттарды тани, талдай білуге, нені қайдан алуға болатынын үйрету, сөздік қорларын байыту. | **Психологиялық ойын:**<br>**Ойын**:« Сәлемдесу» жаттығуы.<br>Мақсаты: Бір-бірімен кездескенде амандасу мәдениетіне тәрбиелеу, жылдамдыққа баулу. | **«Сыңарын тап»**<br><br>**Мақсаты:** Балалардың пішіндер туралы түсініктерін кеңейту.Байқампаздыққа және шапшаңдыққа үйрету.Ойынға қызығушылықтарын арттыру.Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. |
| **Ұйымдастырылған қызмет** | **1.Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:**Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.<br>**«Сиқырлы сандық»**<br>**Мақсаты:**<br>Дыбыстарды анық, асықпай, дұрыс айта білуге үйрету.Сөздерде дыбыстың дұрыс айтылуына назар аудару.<br><br>**2.Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті:**Балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп | **<u>1.Математика негіздері</u>**<br>**Міндеті**:қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.<br>**Д/О: «Кеңістікті бағдарла»**<br>**Мақсаты:**Берілген тапсырма бойынша карточкаларды кеңістікте орналастыру<br><br>**<u>2.Қазақ тілі</u>**<br>**Міндеті:** Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>**Д/О« Дыбыстық талдау жаса»**<br>Мақсаты: Сөздегі дыбыстардың орнын анықтауға үйрету<br>**<u>Мүсіндеу</u>**<br>Қазақтың ұлттық ыдыстарын мүсіндеу<br>**<u>3.Көркем әдебиет</u>** | **<u>1.Сауат ашу негіздері</u>**<br>**Міндеті:**Берілген сөзге сөйлем құрастыру.<br>**«Сөзді ата»** ойыны<br>Дауысты дыбыстары бар сөздерді, содан кейін олардың «дауыссыз жолдастарын» атаңыз.<br>**<u>2.Математика негіздері</u>**<br>**Міндеті:** қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.<br>**«Жануарларды орналастыр» дидактикалық ойыны**<br>Мақсаты: Балаларды тақтада және қағаз бетінде бағытты таба білуге үйрету.(оң жақта,сол жақта)<br>**<u>Құрастыру</u>**<br>«Қыс мезгілі»Мақсаты:Сурет қиындыларын құрастыра отырып қыс | **<u>1.Сауат ашу негіздері</u>**<br>**Міндеті:**Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.<br>**«Ойлан тап»** ойыны(сурет және сөз үлгісі).<br>Белгілі бір дыбыстық құрылымдағы сөздерді атауға үйренеміз.<br>**<u>2.Қоршаған орта</u>**<br>**Міндеті:**Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіну.<br>**Д/О«Табиғат құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттерін ата»** | **<u>1.Математика негіздері</u>**<br>**Міндеті:** Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту,<br>Д/О: **Біреу және көп»**<br>Мақсаты: «Біреу және көп» ұғымын ажырата алуға үйрету.<br>**<u>2.Көркем әдебиет</u>**<br>**Міндеті:** Диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру.<br>**<u>3.Шығармашылық</u>**<br>Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу (құрастыру)<br>Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді, адамдардың еңбегін, ертегілердің, өлеңдердің, әндердің желісін жеткізе |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу.<br>**«Дыбыстар қайда орналасқан».**<br><br>**Ойын мақсаты:** Дауысты дыбыстарды ажырата білуге үйрету.<br>**3.Қоршаған орта**<br>**Міндеті:**Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату.<br>**«Жыл мезгілдері»**<br>**Мақсаты:** Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету(қыс, көктем, жаз, күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау.<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:**Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру.<br>**Қ/О: «Өз жұбыңды тап** | **Міндеті:**Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Дидактикалық жаттығу:**«Кім көп айтады» доп арқылы**<br>**Мақсаты:** Есте сақтау қабілеттерін дамыту, шапшандылыққа баулу.<br><br>**<u>4. Музыка</u>**<br>**<u>(муз . жетекшісінің жоспары бойынша)</u>** | мезгілін құрастыру<br>**<u>Құрастыру</u>**<br>**<u>3.Сөйлеуді дамыту</u>**<br>**Міндеті:-** Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару<br>Д/О: **«Әртүрлі сөздерді жинақта»**<br>**Мақсаты:**Сөздің бірінші және соңғы дыбысын ажыратып үйрету<br>**<u>4.Дене шынықтыру</u>**<br>**Міндеті:** Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау<br>**«Қысқы ойындар»** таза ауада ойнатылатын қысқы ойындар мен таныстыру. Шапшаңдық пенептілікті дамыту.Ойын ережесімен таныстыру және оларды орындауға жаттықтыру; жүру түрлерін жаттықтыру. | Мақсаты: Қасиетіне қарай: қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, буға айналады.<br>**<u>3. Музыка</u>**<br>**<u>(муз . жетекшісінің жоспары бойынша)</u>**<br>**<u>4.Қазақ тілі</u>**<br>**Міндеті:** Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге,<br>**«Ертегілер еліне саяхат».**<br>**Мақсаты:** Дидактикалық ойындар арқылы, өтілген ертегілерден алған білімдерін тиянақтау. | білуін жетілдіру (сурет салу)<br>-Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу (мүсіндеу)<br>шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру (жапсыру)<br>«Қыс ғажайыптары»<br>Мақсаты: Үлкен А3 плакатқа топқа бөлініп, қыс мезгіліне байланысты суреттерін салады, мүсіндейді, құрастырады, жапсырады<br>**<u>4.Дене шынықтыру</u>**<br>**Міндеті:** Лақтыру, қағып алу, домалату: 2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты лақтыру<br>Д/О: **«Көгершіндер»** балалардың дене тәрбиесі мен спортқа деген қызығушылығын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Мақсаты:** Жұбымен шеңбер бойымен жүру. | | | | қалыптастыру, ойлау, зейін, есте сақтау, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу.<br>Жүйелі киіну( ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)<br>- Сөйлеуді дамыту<br>- Көркем әдебиет<br>- Дене шынықтыру<br>- Қоршаған ортамен таныстыру | | | | |
| **Серуен** | **Боранды бақылау.**<br>**Мақсаты**: Боран ұйтқып соққан желдің салдарынан, қыс мезгілінде болатын құбылыс екендігін көрсете түсіндіру.<br>Жұмбақ: Қанаты жоқ ұшады,<br>Аяғы жоқ желеді,<br>Ауызы жоқ ұлиды. (Боран).<br>Қимылдық ойын: «Байқап қал».<br>Мақсаты: Байқампаздыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу. Жеке жұмыс: «Мен сыпайы баламын».<br>Мақсаты: Айналаңдағы адамдарға ілтипатпен қарау.<br>Қиналған кезде көмектес, сөйлескенде сыпайы бол.<br>Айғайлама, сөзді бұзба, басқаларды тыңдай біл, қоғамдық орындарда даурықпа! | **Қарды бақылау**<br>Табиғат құбылысының бірі- қар. Қар тек қана қыс мезгілінде ғана жауады. Қардың түсі ақ, суық болады.<br>Қалың жауған қарда шаңғы тебуге болады.<br>Қар жауғанда жер беті аппақ көрпе жамылғандай әсер қалдырады. Қардан аққала жасаймыз.<br>Алғашқы қар ақ ұлпа тәрізді жұмсақ, тез ерігіш келеді..<br>**Мақсаты:**<br>Қар жайлы мәлімет беру. Есте сақтай алу қабілетін дамытып, сұраққа дұрыс, әрі толық жауап беруге дағдыландыру.<br>**Сұрақтар:**<br>- Қар қай мезгілде жауады?<br>- Оның түсі қандай?<br>- Қармен қандай ойын ойнауға болады?<br>- Табиғатта үшін қандай пайдасы бар? | **Маусымдық өзгерістерді бақылау**<br>**Мақсаты:**<br>Қыс басындағы табиғаттағы өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру (күн қысқарады, түн ұзарады);<br>Қыс мезгілінің басындағы қысқа тән белгілерді көре білу және өлең жолдарынан таба білу.<br>**Бақылау барысы:**<br>**Көркемсөз**<br>Желтоқсан - қыстың алғашқы айы. Қоңыр бұлт астынан күн әлсіз сығалайды. Сондықтан да қысты «түнжыр қыс деп атайды». Күн қысқа, түн ұзақ, бұл айда күн көзі сирек көрінеді.<br>Желтоқсанда түнде қатты аяз болады, өзендер мен көлдерде қалың мұз қатады.<br>Ағаштар түбін қармен көму..<br>Мақсаты: тірі табиғатқа деген көмек көрсету ықыласын арттыруға тәрбиелеу..<br>**Қимылды ойындар:** Қар лақтырып ойнау<br>Мақсаты: затты лақтыру дағдыларын бекіту.<br>Бір аяқпен секіру.<br>Мақсаты: тепе-теңдікті сақтауға баулу. | Суық торғайды бақылау.<br>**Мақсаты:** Қыс мезгілінде барлық құстардың жылы жаққа ұшып кететінін, ал суықторғайдың бізде мекендеп қалатынын, ол қандай аяз болса да тоңбайтынын,сол себепті суықторғай деп атағанын түсіндіріп көрсету.<br>**Еңбек:** Қар күреу.<br>**Мақсаты:** Қардың жерге қалың түскенін айтып, қарды күрекпен күреу арқылы жол жасап, күректі қалай ұстау керектігін үйрету.<br>**Жеке жұмыс:**<br>Торғай,торғай,тоқылдақ<br>Жерден дәнді шұқып - ап<br>Бөтекесі бұлтиып,<br>Шиқ-шиқ етіп отырмақ. | Аула тазалаушы еңбегін бақылау<br>**Мақсаты**:<br>Аула тазалаушының еңбегін бақылауды жалғастыру;<br>Сөздік қорларын байыту;<br>Үлкендер еңбегіне деген сүйіспеншілік және құмет сезіміне тәрбиелеу;<br>Табиғатқа және айнала қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру<br>**Бақылау барысы**<br>Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:.<br>Аула тазалаушы қыста балабақша ауласында не істейді?<br>Жұмыс үшін ол қандай құралдарды пайдаланады?<br>Ағаштарды аяздан қорғау үшін ол не істейді?<br>Аула тазалаушы жұмысы адамдар және табиғат үшін керек пе?<br>Еңбек<br>Қуыршақ үшін қардан құрлыс тұрғызу.<br>Мақсаты:<br>бірлесе жұмыс істеуге үйрету;<br>еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын<br>«Екі аяз»<br>Мақсаты жүгіруге жаттықтыру; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Осы ережелерді сақтай отырып балаларды сыпайыгершілікке, адамгершілікке баулу. Еңбек: «Таза жолдар». Мақсаты: Ауладағы жолды кардан тазалау. | «Кетті, кетті орамал» **Мақсаты:** Ептілікке, жылдамдыққа, дәлдікке үйрету. Зейінін дамытып, шапшаңдыққа баулу. | **Жаттығу ойындары:** Қозғалыстарын дамыту. Мақсаты: тепе-теңдікті сақтап қозғалыс жасағанда өз-өзін сақтандыруға үйрету. | **Мақсаты:**Балаларға тақпақ үйрете отырып тіл байлықтарын молайтып,сөздік қорларындамыту. **Ойын:** «Жақсы жаман». **Мақсаты:**Балаларды жақсы мен жаманды ажырата білуге,жаман нәрселерден аулақ болуға,жақсыдан үлгі алуға тәрбиелеу. | Ойын ережесін сақтай білулерін тиянақтау Жаттығу ойындары Шаңғымен жүру. Мақсаты : шаңғымен жүруге жаттықтыру, ептіліктерін, шыдамдылықтарын дамыту. |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың киімдерін жүйелі түрде шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, жаңылтпаштар, санау және т. б. (көркем, тәуелсіз ойын әрекеті) | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Раяана Мақсаты: Сандарды рет ретімен айтуды бекіту | Нұрислам Мақсаты:Заттарды санауға, сандар ды ажырата білуге дағдыландыру | Дияна Мақсаты:кеңістікті бағдарлау | Ақерке Мақсаты:Сөздерді дұрыс айтуды дағдыландыру | «Дәл осындай пішінді тап» Топпен жұмыс |
| **Балалардың өзіндік қызметі** | Үстел үсті, саусақ және т.б.ойындар. | Сурет салу «Қыс қызығы» | «Көлеңкесін тап» ойыны | Өздерінің қалаған кітаптарын қарау | Тақырыпқа әңгіме: «Менің отбасым тату тұрады» тақырыбына әңгіме құрастыру |
| **Балалардың үйге қайтуы** | *Ата –аналарға кеңес* - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. | | | | |